

12 қараша
Сәрсенбі,
2025 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

Ойыл

АРНАЙЫ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ДАЙЫНДЫҒЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ

ӨТКЕН АПТАДА АУДАНДА «ҚЫС — 2025» КОМАНДАЛЫҚ-ШТАБТЫҚ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ӨТТІ. ІС-ШАРАДА ЖАУАПТЫ ОРГАННЫҢ ҚЫСҚА ӨЗІРЛІГІ САРАЛАНДЫ. ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ЖИЫНЫНА АУДАН ӨКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ ҚАТЫСЫП, АРНАЙЫ ТЕХНИКАЛАР МЕН ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚТАРДЫҢ ӨЗІРЛІГІН ТЕКСЕРДІ.



Мұндай іс-шара республика аумағын түгел қамтиды. Оқу-жаттығу қыс мезгіліндегі төтенше жағдайларды жоюға азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесінің және халықтың дайындық деңгейі мен қабілетін арттыру, азаматтық қорғау қызметтері мен құрамаларының қысқы кезеңге әзірлігін тексеру мақсатында өткізіледі. Қыс маусымына дайындық аясында жергілікті атқарушы орган инертті материал мен жанар-жағармай қорын жасақтады. Сондай-ақ аудан аумағында төтенше жағдай туындаған жағдайда тұрғындарды уақытша орналастыру үшін мемлекеттік мекемелер базасында жылыту пункттері жасақталды. Қыста жолда қалған жолаушыларға төтенше жағдайлар және полиция басқармасының өкілдері, жергілікті атқарушы орган қызметкерлері түсіндірме және алдын алу жұмыстарын жүргізеді.

Мамандардың айтуынша, төтенше жағдайлар бөлімі мен жергілікті атқарушы органдардың бірлескен үйлесімді жұмысының нәтижесінде өткен жылдың қысында төтенше жағдайлар мен жазатайым оқиғалар тіркелген жоқ. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады.

ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗДІҢ ЖЕҢІСІ



2025 жылдың 31 қазан-10 қараша аралығында Алматы қаласында «AUYL SPORT-2025» республикалық жарысы өтті. Ақтөбе облысы құрама командасының сапында Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебі үстел теннисі бөлімінің оқушылары М. Орал, С. Асылхан, А. Аманбекқызы қатысып, облысымыздың намысын қорғап, республикалық турнирде өз бақтарын сынады. Нәтижесінде оқушылары-

мы Сана Асылхан мен Мадияр Орал өз шеберліктерін көрсетіп, жүлделі II орынға тұрақтап, кубок және ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Ал, Айзере Аманбекқызы керемет ойын көрсетіп, турнирдің «Үздік ойыншысы» номинациясына ие болды. Айзереге арнайы естелік сыйлық табысталса, жаттықтырушы Қанат Нұрланұлына «Жеңімпаздардың жетекшісі» номинациясы берілді.

«ХАЛЫҚ ЗАҢГЕРІ» АКЦИЯСЫ БІРНЕШЕ МАМАННАН БІР МЕЗГІЛДЕ КЕҢЕС АЛУ

Ойыл ауданының прокуратурасы Мемлекет басшысының «Заң және Тәртіп» идеологиясын іске асыру шеңберінде «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында «Халық заңгері» акциясын ұйымдастырды. Тұрғындарға өзекті мәселелер бойынша тегін құқықтық көмек көрсету және құқықтық сауаттылықты арттыруды мақсат тұтқан акция барысында азаматтарға түрлі құқықтық және даулы мәселелер бойынша тегін кеңес берілді. Сонымен қатар іс-шараға құқық қорғау және мемлекеттік органдардың өкілдері, нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат қатысты. Азаматтар бірнеше маманнан бір мезгілде кеңес алу арқылы өз сұрақтарына жан-жақты жауап алу мүмкіндігіне ие болды.



ТАЛҒАТТЫҢ КЕЗЕКТІ ТАРТУЫ



Жерлесіміз, облыстық мәслихаттың депутаты, «Анвар» ЖШС-нің бас директоры Талғат Салфиов жуырда Ойыл аудандық мешітіне автокөлік сыйға тартты. Осыған дейін белгілі меценаттың өз қаржысына Ақтөбе қаласындағы Қарғалы тұрғын алабына аумағы — 1,3 гектар гүлзар салып бергенін облыстық басылымдар жарыса жазған еді. «Жақсыны көрмекке» барған өңір басшысы Асхат Шахаров өз сөзінде мұндай игі істердің қала тұрғындарының өмір сапасын жақсартуға, жастардың салауатты өмір салтын ұстануына мүмкіндік беретінін атап өтті.

— Бұл жұмыстың бәрі де ауызбіршіліктің арқасында жүзеге асып отыр. Сондықтан ел аман, жұрт тыныш бол-

сын! Мемлекет пен бизнес өкілдерінің ынтымақтастығы — өңірді дамытудың маңызды тетігі. Осындай бастамалар қала келбетіне көрік қоткөлік сыйға тартты. Осыған дейін белгілі меценаттың өз қаржысына Ақтөбе қаласындағы Қарғалы тұрғын алабына аумағы — 1,3 гектар гүлзар салып бергенін облыстық басылымдар жарыса жазған еді. «Жақсыны көрмекке» барған өңір басшысы Асхат Шахаров өз сөзінде мұндай игі істердің қала тұрғындарының өмір сапасын жақсартуға, жастардың салауатты өмір салтын ұстануына мүмкіндік беретінін атап өтті.

— Бұл жұмыстың бәрі де ауызбіршіліктің арқасында жүзеге асып отыр. Сондықтан ел аман, жұрт тыныш бол-

КЕЗЕКТЕҢ ТЫС СЕССИЯ КЕЗЕК КҮТПЕЙТІН МӘСЕЛЕЛЕР



Өткен аптада аудандық мәслихат төрағасы Сәкен Займолдиннің төрағалық етуімен аудандық мәслихаттың кезектен тыс жиырма алтыншы сессиясы өтті. Сессия отырысына аудан әкімі Асқар Қазыбаев, аудан әкімінің орынбасарлары, аудандық мәслихат депутаттары, аудандық қоғамдық Кеңес төрағасы М. Арыстанов, тиісті мекеме басшылары оффлайн режимінде және ауылдық округ әкімдері онлайн режимінде қатысты. Сессия жұмысы алдымен аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Берік Бисекеновтың хабарламасын тыңдаудан басталды. Яғни, аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Биылғы 26 қазан күні шығып қалған депутаттардың орнына №9 сайлау округінде өткен сайлаудың қорытындысымен таныстырып, нәтижесінде аудандық мәслихаттың депутаты болып сайланған Мұстафа Бисембаевқа депутат куәлігі мен төсбелгісі табыстады. Сондай-ақ, сессия барысында Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2024 жылғы 23 желтоқсандағы

№200 «2025-2027 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетінің төрағалық туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Б. Өділхановтың хабарламасын тыңдаған депутаттар Ойыл ауданында оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін бекітті. Сонымен қатар, күн тәртібінен ұсынылған мәселелер бойынша Ойыл аудандық мәслихатының 2024 жылғы 28 наурыздағы № 124 «Ойыл ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау туралы» шешіміне, аудан әкімдігі жанындағы бірнеше комиссияның құрамына өзгерістер туралы ұсыныстарды мақұлдады. Және «Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының құрамын сайлау туралы» №5 шешімі мен аудандық мәслихаттың 2023 жылғы 30 наурыздағы «AMANAT» партиясының депутаттық фракциясын тіркеу туралы» №7 шешіміне өзгерістер енгізілді.

СОТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СОТ САЛАСЫНДА КӨПТЕГЕН ЗАМАУИ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР БОЛЫП ЖАТЫР. АТАЛҒАН ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР ХАЛЫҚ ҮШІН ТИІМДІ ҚЫЗМЕТ АТҚАРУДА. АТАП АЙТҚАНДА «ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТ-ТЫҚ ЖҮЙЕСІ МЕН «СОТ КАБИНЕТІ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ СЕРВИСІНІҢ КЕҢІНЕН ҚОЛДАНЫЛУЫ.

Осы жаңашылыдықтар арқылы сотқа талап-арыз немесе өтінішті онлайн түрде жолдап, істің қозғалысы мен қаралу барысын бақылай алады және сот құжаттарын электронды форматта алады. Аталған бағыттағы жүргізіліп жатырған жұмыстар сот ісін жүргізудің жеделдігін және ашықтығын қамтамасыз ететіні баршамызға мәлім. Сонымен қатар сот кабинеті халық үшін өте тиімді бағдарлама. Нақты айтқанда, сотқа кез-келген талаппен жүгінгісі келетін азаматтар мен заңды тұлғалар интернет желісінен «Сот кабинеті» сервисін таңдау арқылы, сот кеңсесіне бармай өзінің жұмыс орынында, немесе үйінде отырып талап қоя алады. Осы аталған сот жүйесіне енгізілген ақпараттық технология шалғайда тұратын азаматтармен заңды тұлғалардың қаржыларын және уақыттарын тиімді пайдалануына мүмкіндік беріп, әрі тәуліктің кез келген уақытында қажетті сот құжаттарымен, істің тарихымен, деректермен танысып, сот актісін басып шығаруына мүмкіншілік беріп отыр. Осы игі шаралар сот ісін жүргізудің жеделдігін және ашықтығын қамтамасыз ететіні сөссіз. Сот жүйесінде татулықты сақтап, дауларды азайту мақсатында да бір қатар шаралар атқарылуда. Яғни азаматтар арасында туындаған дауларды сотқа жеткізбей шешудің тәсілі ретінде медиация және татуластыру орталықтары қарқынды жұмыс атқаруда. Мысалы Ойыл аудандық сотымен 2026 жылдың 10 айында түскен 103 талаптын тараптардың

татуласуына байланысты 55 арызы өндірістен қысқартылды. Нақты айтқанда кез-келген дау туындаған жағдайда тараптар аталған дауды шешу үшін бірінші кезекте сотқа жүгінуді ойлайды. Егерде тараптар арасында даулар туындаған жағдайда сотқа жүгінбестен бұрын медиатордың көмегіне жүгініп, дауды медиация арқылы шешіп, татуласу мүмкіндігіне ие бола алады. Медиация дегеніміз тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырлатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізу мақсатында медиатордың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі. Медиатор дегеніміз медиация барысында бір мезгілде барлық тараптармен де, тараптардың әрқайсысымен жеке-жеке де кездесулер өткізу арқылы дауды сотқа дейінгі татуласу арқылы шешетін тұлға болып табылады. Осы аталған жұмыстар сот жүйесіне енгізілген жаңашылдықтар қатарына жатады. Қазіргі таңдағы сот жүйесіне енгізілген жаңашылдықтар, халықтың игілігіне қызмет атқаратын және азаматтардың сотқа деген сенімін арттыруға бағытталған қадамдар екені баршамызға мәлім. Сонымен қатар сот жүйесіне енгізіліп жатырған жаңашылдықтар сот төрелігін іске асыру үрдісін жеңілдету сот ісін жүргізуді оңтайландыру және автоматтандыру, ақпараттық технологияларды дамыту болып табылады.

С. ШАЙМАҚОВА,
Ойыл аудандық соты
әкімшілігінің бас маманы.

НАШАҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Қазақстанда да, бүкіл әлемде де үлкен алаңдаушылық тудыратын өзекті мәселелердің бірі – нашакорлықтың таралуы. Бұл құбылыс жеке адамның ғана емес, жалпы ұлттың денсаулығына тікелей қауіп төндіреді. Бүгінгі күні нашакорлық мәселесі әрқайсымызға әсер етуі мүмкін. Есірткі – бұл психикалық жағдайдың өзгеруіне әкелетін, жүйелі түрде қолдану тәуелділікке әкелетін өсімдік немесе синтетикалық текті химиялық заттар. Есірткі заттарын қабылдау жеке тұлғаның деградациясына және ағзаның бұзылуына өте белсенді ықпал етеді және бұл, адамдар арасында өмір сүретін нашакордың жеке өзіне ғана емес жиі басқалар үшін үлкен қауіп көзіне айналатын іс. Көптеген жағдайларда нашакорлықпен ауыратын адам, екіншіке орай, қоғамға қауіпті қатыгездікке ұшырайды. Нашакорлық көптеген әртүрлі қылмыстардың, соның ішінде ауыр және аса ауыр қылмыстардың тікелей себебі болып отыр. Жалпы нашакорлық ұлттың физикалық және моральдық денсаулығына қауіп төндіреді. Бұған ұрпақтардың генетикалық азғындауы және нашакорлықтың СПИД, гепатит, басқа да ауыр аурулар,

гомосексуализм және жезекшелік проблемаларымен тығыз байланысы кіреді. Мұнда әртүрлі әлеуметтік мәселелердің жиынтығы бар. Әрбір нашакор артынан бірнеше адамды есірткіге тартуға бейім. Бұл нашакорлықтың «әлеуметтік жұқпалы ауруы». Есірткіні көп қолдану едауір қаражатты қажет етеді. Дегенмен қаражаттың болмауынан нашакорлар көп жағдайда өз отбасынан, жақындарынан, достарынан қомақты сома алып жатады, кейіннен тіпті қаражаттың жоқтығынан қылмысқа да баруы жиі кездеседі. Яғни, бір қылмыс екінші қылмысты тудырады. Қылмыстық кодексте есірткі заттарын қолданып, сақтап, сатып, таратушыларға жаза ауыр. Бірақ солай екен деп есірткіден бас тартып жатқандар көп дей алмаймыз. Осыған орай, бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде есірткі заттарын тұтынудың ғана емес, есірткі заттарын тасымалдап, сатып, сақтаудың да соңы жауаптылыққа соқтыратынын үнемі түсіндіріп, ескертіп отыру маңызды. Денсаулық – зор байлық дегендей өмірің жарқын, болашағың зор болсын десең денсаулығыңды сақтаған жөн.



ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ПРОКУРАТУРАСЫ

АҚТӨБЕЛІК КӘСІПКЕРЛЕР ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТАУАР ӨНДІРУШІЛЕР ТІЗІЛІМІНЕ КӨШУ МЕРЗІМІН ҰЗАРТУДЫ СҰРАЙДЫ

АҚТӨБЕЛІК КОМПАНИЯЛАР ЖАҢА ҚТӨ ТІЗІЛІМНІҢ ЕНГІЗІЛУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ САТЫП АЛУЛАРҒА ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТЕН АЙЫРЫЛЫП ҚАЛУДАН ҚАУІПТЕНУДЕ. КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ АЙТУЫНША, ӨТПЕЛІ КЕЗЕҢ ТЫМ ҚЫСҚА БОЛУЫ МҮМКІН. КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫНДА ӨТКЕН ИНДУСТРИЯ САЛАЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫНДА ӨҢІРЛІК БИЗНЕС ӨКІЛДЕРІ ТІЗІЛІМДІ ЕНГІЗУДІ КЕЙІНГЕ ШЕГЕРУ НЕМЕСЕ ӨТПЕЛІ КЕЗЕҢДІ ЖЕҢІЛДЕТУ ЖӨНІНДЕ ҰСЫНЫСТАР АЙТТЫ.

Ресми түрде өтпелі кезең 2026 жылдың 1 қаңтарына дейін деп белгіленгенімен, іс жүзінде дайындыққа бар болғаны екі ай ғана қалды. Көптеген компаниялар әдістемелік қолдау мен нұсқаулықтар алып үлгермеген. Сонымен қатар, Тізілім толықтай цифрлық форматта және электронды платформа арқылы жүзеге асатындықтан, жылдың соңында өтінімдер жаппай түссе, жүде жүктемеге шыдамай қалуы мүмкін деген алаңдаушылық бар. Техникалық ақаулар мен құжаттардағы сәйкессіздіктер компаниялардың Тізілімге енгізілмеуіне себеп болуы ықтимал. «Ең үлкен тәуекел – егер компания 2026 жылдың 1 қаңтарына дейін Тізілімге кіре алмаса, ол отандық тауар өндіруші ретінде сатып алуларға артықшылықпен қатыса алмайды. Қазір көптеген тендерлер мен қолдау бағдарламаларына, соның ішінде “Самұрық-Қазына” және квазимемлекеттік секторға қатысу үшін қазақстандық қамту үлесін растау қажет. Ал Тізілімсіз компания бұл мәртебеден автоматты түрде айырылады», – деді «Epsilon Group» ЖШС өкілі Айдос Жамидулла. Кәсіпкерлер бағалау критерийлерінің айқын еместігіне де назар аударуда. Қазіргі таңда ҚТӨТ енгізу процесі бірқатар ұйымдастырушылық және техникалық қиындықтармен қатар жүріп жатыр. Қазан айының соңында өткен «Атамекен» ҰКП Өңдеуші өнеркәсіп және Машина жасау мен металл өңдеу комитеттерінің бірлескен отырысында бизнес өкілдері жүйенің әлі де сынақ режимінде жұмыс істеп жатқанын, цифрлық функционалы толық пысықталмағанын,



нын, ішкі үлестік құндылықты есептеу тәсілі мен «СТ-KZ» немесе индустриялық сертификаты бар компаниялардың қатысуы бойынша сұрақтар ашық екенін атап өтті. «Кейбір өндірушілер техникалық кемшіліктердің кесірінен тізімнен тыс қалуы мүмкін деген қауіп бар. Біз, біріншіден, “QazIndustry”-ден индустриялық сертификаты бар өндірушілерді Тізілімге автоматты түрде енгізуді ұсынамыз, себебі бұл кәсіпорындар өндірістік базасын растап қойған. Екіншіден, Тізілімді міндетті түрде енгізу мерзімін – мысалы, 2026 жылдың II немесе III тоқсанына шегеру қажет, осылайша қосымша сынақ пен жетілдіруге уақыт беріледі», – деді Индустрия салалық кеңесінің төрайымы, «Глобал-Спецоджеда» ЖШС директоры Надежда Шаббаева. Бизнес өкілдерінің пікірінше, бұл шаралар техникалық қателерді жоюға, есептеу әдістемесін нақтылауға, комиссияларды дайындауға және жүйелердің өзара іс-қимылын реттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, кәсіпкер-

лер бейнебақылау орнату және мемлекеттік органдардың қолжетімділігіне қатысты талаптарға алаңдаушылық білдіруде. Олар деректердің қорғалуы бойынша нақты кепілдіктер беруді және қажет болған жағдайда бейнебақылау қолжетімділігін өндірушілермен алдын ала келісуді сұрайды. Айта кетсек, Қазақстандық тауар өндірушілер тізілімі әлі іске қосылмағанына қарамастан, ақтөбелік компанияның бірінен оның қатысуын растау сұралған. Бұл туралы «Epsilon Group» ЖШС өкілі мысал келтірді. «Біз әдеттегідей сатып алуға қатысып, Индустриялық сертификатты қоса ұсындық және қазақстандық өндіруші ретінде сатып алулар ережесіне сай кепілдемесі ұсынудан босатылады деп күттік. Алайда бізден кепілдеме талап етілді, себебі компания ҚТӨТ-те тіркелмеген деп көрсетілді. Осыдан кейін біз Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне шағым жолдадық, ал олардан біз Тізілімде жоқ екеніміз расталған ресми жауап алдық. Сөйкесінше, тапсырыс

берушінің әрекеті заңды деп танылды, алайда Тізілімнің өзі әлі іске қосылған жоқ», – деді ол индустрия салалық кеңесінің отырысында. Жаңа механизмнің енгізілетіні жарияланған сәттен бастап «Атамекен» ҰКП ҚТӨ Тізілімі бойынша барлық мәселелерді түсіндіру және талқылау бағытында белсенді жұмыс атқарып келеді. Ұлттық палата Тізілімді енгізу бойынша салалық ұсыныстар мен бастамаларды біріктіруді қолға алды. Бұл туралы 22 қазан күні өткен Өңдеуші өнеркәсіп және Машина жасау комитеттерінің бірлескен отырысында айтылды. Оған мемлекеттік органдар мен елдің барлық өңірлерінен 300-ден астам бизнес өкілдері, қауымдастықтар және салалық кеңестер қатысты, оның ішінде Ақтөбе облысының өкілдері де бар. Индустрия салалық кеңесінің отырысы қорытындысы бойынша Ақтөбе облысы кәсіпкерлер палатасы Қазақстандық тауар өндірушілер тізіліміне қатысты ұсыныстар мен тәуекелдер блогын хаттамамен бірге ҰКП Өңдеуші өнеркәсіп департаментіне жолдайды. «Біз өңір кәсіпкерлерін ақпараттандыруды және барлық қажетті қолдауды көрсетуді жалғастырамыз. Жаңа тізілімге көшу – отандық өндірушілер үшін маңызды кезең. Бірлескен тәсіл артық бюрократиядан арылуға, бизнеске түсетін жүктемені азайтуға және жаңа сертификаттау форматына біртіндеп көшуге мүмкіндік береді. Біз жүйені шынымен де ыңғайлы әрі ашық етуге ұмтыламыз», – деді Ақтөбе облысы Кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Владимир Сухорученко.

ЕЛЕСІНДЕ ҚАЛАМ ДЕСЕҢ - ЕЛ ҮШІН ЕҢБЕК ЕТ!

«ҰЛТЫНА, ЖҰРТЫНА ҚЫЗМЕТ ЕТУ – БІЛІМНЕН ЕМЕС, МІНЕЗДЕН» ДЕП АЛАШ АРЫСЫ ӨЛИХАН БӨКЕЙХАН АЙТҚАНДАЙ, ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ ЕТЕТІН АДАМДАРДЫҢ АДАЛДЫҒЫ ЖӘНЕ ӨДІЛДІГІ, ӨЗ ЖҰМЫСЫНА ДЕГЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ, ҚОҒАМ МЕН АЗАМАТТАРДЫҢ СЕНІМІН ТУҒЫЗУЫ – ӨРБІР МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ МІНДЕТІ.



Мемлекеттік қызметші үнемі өзіне мынадай сұрақтарды қоюы керек: Мен қоғамның биік сенімін ақтау үшін қандай болуым керек? Ия, қай заманда, қай елде болмасын, қоғамды алға тартып дамытатын жастар екендігін ұмытпауымыз қажет. Біз елін сүйетін азаматтарды қалыптастыру үшін жастардың бойына асыл қасиеттерді сіңіре білуіміз аса маңызды! Өрине, мемлекеттік қызметші болу – бұл үлкен абырой мен міндет. Болашақта ел тізгінін ұстайтын азаматтар – бүгінгі жастар. Жалпы, бүгінгі күні облысымызда 4000 мыңнан астам мемлекеттік қызметшілер жұмыс істеп жүр. Олардың 59,4 пайызы әйелдердің үлесінде болса, 40,6 пайызы - ер адамдар. Мемлекеттік қызметшілердің 38,6%-ы 35 жасқа дейінгі жастар. Олардың саны ғана емес, сапасы да өсіп жатыр. Яғни, білімді, алғыр, бәсекеге қабілетті жастардың қатары күннен-күнге артуда. Айта кету керек, облысымыздың мемлекеттік органдарында еңбек етіп жүрген қызметшілердің 21-і Мемлекеттік басқару академиясының түлегі болса, 5 маман «Болашақ» бағдарламасын аяқтаған. Бұл да өңірдің осы саладағы жетістігі. Қазір әлем жыл сайын емес, күн сайын өзгеріп жатыр. Жаңа технологиялар, мамандықтар және салалар пайда болуда. Жұмысты ұйымдастырудың және басқарудың әдіс-тәсілдері қайта қаралауда. Осындай жағдайда жаңа кәсіби дағдыларды меңгеруге және озық білімін тиімді пайдалануға қабілетті жастардың рөлі арта түседі. Мемлекеттік және қоғамдық істерді басқару батылдық пен төзімділікті, ойластырылған, сындарлы өзгерістерді талап етеді. Мемлекеттік қызметшілер жаңашылдықты енгізе білуі және креативті болуы керек. Соңғы жылдары азаматтардың мемлекет тарапынан қанағаттандырылған өтініштерінің бірі ол әкімдерді тікелей сайлауды енгізу болды. Сайланған 142 ауылдық және селолық округ әкімінің орташа жасы 43 жасты құрайды, оның ішінде 28-ің жасы 35-ке дейін, олардың 36,6 пайызы бұрын мемлекеттік қызметте жұмыс істемегендер, олардың арасында мұғалімдер мен кәсіпкерлер де бар. Ия, бұл деген еліміздің дамуы үшін қызмет етемін деген жастарға берілген мүмкіндік. Кім біледі, ертенгі күні тап осы жастар Ақмола облысындағы «Родина» ауылы, Қызылорда облысындағы «Нәғи Ильесов» ауылы, Абай облысындағы заманауи дамыған ауылдар қатарын Ақтөбе облысындағы барлық жағынан қаладан кем емес жағдайлары жасалған

ауылдар қатарын көбейте отырып, артына өшпес із қалдырар. Бүгінгі күні ол үшін барлық мүмкіндіктер бар. Өрине бұл іс сол жергілікті, өздері басқарып отырған елді мекендерден шыққан, қазіргі таңда қаражат жағынан қолдау көрсете алатын кәсіпкерлерді тарта отырып, бірге жүргізілетін үлкен жұмыс. Бұл жерде мемлекеттік қызметшілер Отанға қызмет ету мәдениетін дәйекті түрде меңгеріп, жүзеге асыру қажет. Ол мемлекеттік қызметшілердің елді көркейтуді жолында өзіне жүктелген міндетті шынайы және адал орындауынан көрінер еді. Себебі мемлекеттік қызметшінің басты міндеті туған Отаны мен халқына адал қызмет етумен бағаланады. Мемлекет тарапынан жастарға деген беріліп жатқан тағы бір мүмкіншілікті атап кетсек, ол мемлекеттік қызмет саласында соңғы жылдары енгізілген өзгерістердің бірі – мемлекеттік тапсырыс негізінде жоғары оқу орындарының үздік түлектерін оқуды аяқтағаннан кейін 1 жыл ішінде мемлекеттік қызметтің ауылдық және ауылдық деңгейдегі төменгі лауазындарына конкурссыз тікелей тағайындау. Бұл - жас мамандардың ел өңірлеріне оралып, оның дамуына үлес қосуға жол ашса, екіншіден, аймақтарда кадр тапшылығын азайтуға ықпал етеді деп күтілуде. Осы енгізілген жаңашылдық нәтижесінде қазіргі таңда Ақтөбе облысы бойынша 50-ден астам түлек аудандық және ауылдық деңгейдегі төменгі, басшылық емес лауазымдарға конкурссыз қабылданды. Бүгінгі күні конкурссыз мемлекеттік қызметке қабылданған жас мамандар өңірдің мемлекеттік органдарында әртүрлі салада қызмет атқаруда, олардың ішінде бірнеше маман мансаптық ілгерілеуі жолымен облыстық және қалалық деңгейдегі мемлекеттік органдарда қызметтерін жалғастырып жатыр. Сондай-ақ, бір айтып кететін жайт, мемлекеттік қызметтегі қиын-шылдыққа шыдамай кетіп қалғандарда жоқ емес. Сол себепті «Еңбек етпесең, жиған білімің көдеге жарамай жатқан минерал секілді. Оның ішін аршып, асыл кенін жарқырату үшін еңбек керек, қол мен ой қимылы қажет» - деп Қаныш Сәтбаев атқандай, иә әр адам қандай да бір іс үшін туады, яғни әрбір адамның өз міндеттері бар. Осылайша, жастар еліміздің бұдан әрі өркендеп, өсіп, дамуына барынша тер төгетін болса, Қазақ халқының болашағы жарқын, тәуелсіздігі құмпырлы болатынына ешқандай да күман болмауы тиіс.

Р.ШӨМЕКЕЕВА,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің Ақтөбе облысы
бойынша
департаментінің бас маманы.

ДЕНСАУЛЫҚ БЕТІ

ПАРОТИТ – ҚАНДАЙ АУРУ?

ПАРОТИТ - БҰЛ ВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯ, ОЛ ОҢАЙ ТАРАЛАДЫ ЖӘНЕ ДЕНЕНІҢ КӨПТЕГЕН БӨЛІКТЕРІН ЖҰҚТЫРУЫ МҮМКІН, БІРАҚ НЕГІЗІНЕН ҚҰЛАҚ ПЕН ЖАҚТЫҢ АРАСЫНДА ӨР ЖАҚТЫҢ АРТҚЫ жағында ОРНАЛАСҚАН СІЛЕКЕЙ БЕЗ-ДЕРІН ЗАҚЫМДАЙДЫ. ПАРОТИТ СІЛЕКЕЙ БЕЗДЕРІНІҢ ІСІНУІН ЖӘНЕ АУЫРСЫНУЫН ТУДЫРАДЫ.

Паротиттің пайда болу себеп-тері - паротит вирусы және ол жұқтырған сілекей, түшкіру немесе жөтелгенде және жұқтырған адаммен ыдыстар-ды ортақ пайдалану арқылы адамнан адамға оңай тара-лады. Симптомдардың пайда болуы әдетте вируспен бай-ланысқаннан кейін 14-18 күнді алады.

Алдымен өте жеңіл сим-птомдар байқалады. Оларға қызба, бас ауру, төбеттің төмендеуі, әлсіздік, шайнау немесе жұту кезінде ауырсы-ну және ішектердің ісінуі жа-тады. Қарапайым тексеру па-ротитті растай алады, өйткені құлақтың алдында жақтың ісінуі көрінеді. Анықтау та-мақтың немесе жақтың ішкі

жағын сұрту арқылы орын-далады. Тампон шырыш пен жасушаларды жинауға көмек-теседі, ол паротит вирусын тексеру үшін зертханаға жі-беріледі. Паротит вирусына қарсы қан-дағы антитенелердің болуы вирустық инфекцияны оңай растайды. Паротит вирустық инфек-ция болғандықтан, оны анти-биотиктермен емдеу мүмкін емес және ол екі апта ішінде өздігінен жойылады. Ибупро-фен немесе парацетамол сияқты ауырсынуды басатын дәрілерді қолдануға болады, сонымен қатар ісінген аймаққа суық пакеттерді қолдану да пайдалы болуы мүмкін. Үйде емдеу әдістеріне ауруды ба-

сатын дәрілер, толық дема-лу, ісінген жерлерге мұз/суық компресс қою, көп шайнауды қажет етпейтін жұмсақ/жұм-сақ диетаны ұсыну, сұйықтық қабылдауды арттыру және аурудың таралуын болдыр-мау үшін науқасты оқшаулау жатады.

Паротиттің ауыр асқынулары болуы мүмкін, бірақ олар өте сирек кездеседі. Негізінен де-ненің кейбір бөліктерінде қа-быну мен ісіну байқалады:

- Орхит: Ерлердегі бір немесе екі аталық бездің ауырсына-тын ісінуі.
- Панкреатит: ұйқы безінің қабынуы, іштің жоғарғы бөлі-гіндегі ауырсынуды қамтиды, айнуы мен құсу.
- Оофорит немесе мастит:

әйелдерде аналық бездердің және сүт бездерінің қабынуы.
• Энцефалит: Мидың қабы-нуы. Бұл неврологиялық мәсе-лелерге әкелуі және өмірге қа-уіп төндіруі мүмкін.
• Менингит: эпидемиялық па-ротит вирусы орталық жүй-ке жүйесін жұқтыру үшін қан арқылы таралады. Паротиттің алдын алу MMR (қызылша-па-ротит-қызамық) вакцинациясы паротиттің алдын алудың ең қауіпсіз және тиімді процеду-расы болып табылады. MMR екі дозасы әдетте 12-15 айлық жаста және екінші дозасы 4-6 жаста немесе бұрын берілме-се 11-12 жаста беріледі.

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

ҚЫЗЫЛША ДЕГЕНІМІЗ НЕ ЖӘНЕ ОЛ НЕСІМЕН ҚАУІПТІ?

ҚЫЗЫЛША – ДЕНЕ ҚЫЗУЫНЫҢ 38-40° С-ҚА ДЕЙІН КӨ-ТЕРІЛУІМЕН, ЖАЛПЫ УЛАНУМЕН, ШЫРЫШТЫ КӨЗ, МҰРЫН ЖҰТҚЫНШАҚ, ЖОҒАРҒЫ ТЫНЫС АЛУ ЖОЛДА-РЫНДАҒЫ ҚАБЫНУ ҚҰБЫЛЫСТАРЫМЕН, КЕЙІННЕН БӨРТПЕНІҢ ПАЙДА БОЛУЫМЕН СИПАТТАЛАТЫН ЖІТІ ИН-ФЕКЦИЯЛЫҚ АУРУ.



Жалпы әлсіздік пайда болып, бас ауырып, төбет төмендей-ді, ұйқы бұзылады. Қызылша кезінде кейіннен бір-біріне бірігетін, қызғылт немесе қы-зыл дақ түрінде бөртпелер шығады.

- Бірінші күні бөртпе құлақтың артына, бастың шаш бөлігіне, бетке және мойынға, кеуденің жоғары бөлігіне шығады;
- Екінші күні бөртпе денеге және қолдың жоғарғы бөлігіне шығады;
- Үшінші тәулікте бөртпе аяққа шығып, бетіндегісі бозарады.

Инфекция көзі — науқас адам. Вирус ауа-тамшы жолы арқылы, сілемей тамшыла-ры арқылы, түшкірген кезде, сөйлеген кезде таралады. Ауа ағымымен вирус айтар-лықтай қышықтыққа таралуы мүмкін. Қызылшамен ауыра-тын науқас болған үй-жай-дың ауасымен тыныс алған кезде қызылша жұғуы мүм-кін. Егер адам қызылшамен ауырмаған болса және осы инфекцияға қарсы егілмеген болса, онда науқаспен байла-ныста болғаннан кейін негізі-нен жағдайдың 100%-да жұғу орын алады.

Қызылшамен ауыратын на-уқас айналасындағылар үшін 7-10 күн ішінде қауіпті болып табылады. Адамдардың та-биғи сезімталдығы өте жоға-ры, ауырып сауыққаннан кейін адамдарда өмір бойына имму-нитет пайда болады. Қызыл-шамен қайталап сырқаттану жағдайы өте сирек кездеседі. Қызылшамен сырқаттанған кезде күрделі асқынулар пай-да болуы мүмкін. Оларға өкпенің қабынуы (пневмония), орта құлақтың қабынуы (отит), кей жағдайда энцефалит (ми-дың қабынуы) тәрізді өте күр-делі жағдайлар жатады.

Қызылшамен ауырып са-уыққаннан кейін ұзақ уақыт бойы (2 айға дейін) иммуни-теттің төмендеуі байқалаты-нын есте сақтау қажет, сон-дықтан бала қандай да бір суық тию немесе вирустық ау-румен ауыруы мүмкін, сол се-бепті оны шамадан тыс жүкте-меден, мүмкіндігінше-науқас балалармен қарым-қатына-стан қорғау қажет. Аурудан сенімді қорғанудың бірден бір жолы Ұлттық егулер күнтізбесіне енгізілген қызыл-шаға қарсы вакцинация болып табылады.

АТА-АНАЛАРҒА:

- балаларының қызылшаға қарсы егу мәртебесін тексеру, вакцинация болмаған жағдай-да – қызылшаға қарсы профи-

лактикалық егулер алу;

- қызылшаға қарсы егілме-ген балалардың әртүрлі мә-дени-көпшілік іс-шараларға қатысуын, ойын-сауық сау-да орталықтарындағы ойын алаңдарына баруын шектеу ұсынылады.

ЕГЕР СІЗ НЕМЕСЕ СІЗДІҢ БАЛАҢЫЗ АУЫРҒАН ЖАҒДАЙДА:

- катаралды құбылыстармен (дене қызуының көтерілуі, бас ауруы, әлсіздік) байқалып және бөртпе шығып аурудың бірінші белгілері пайда болған кезде дәрігерге қаралу, қызыл-ша ауруына тексеруден өту және оның барлық нұсқаула-рын орындау;

- ауыр жағдайларда жедел жәрдем шақырту;

- дәрігер келгенге дейін туы-старымен, таныстарымен және басқа адамдармен бай-ланысты шектеу;

- жөтелген және түшкірген кезде бет орамалды немесе сулықты пайдаланып, ауызды және мұрынды жабу, қолды сабынмен жиі жуу;

- тыныс алу ағзаларының қорғаныш құралдарын (мы-салы, бетперде немесе дәке таңғыш) пайдалану – өзін өзі емдемеу қажет!

Қызылшаның алдын алу үшін инфекцияға қарсы күрестің ең қолжетімді және тиімді әдісі вакцинация болып отыр. Профилактикалық егулердің ұлттық күнтізбелігіне сәйкес балаларды қызылшаға қарсы жоспарлы вакцинациялау 12 айлық кезінде және қайталап 6 жаста жүргізіледі. Сондай-ақ қызылшамен ауырмаған, бұрын егілмеген немесе қы-зылшаға қарсы вакцинациясы туралы мәліметтері жоқ 18-35 жастағы ересектер егіледі (иммундау егулер арасын-дағы кемінде 3 ай аралықпен екі рет жүргізіледі).

Қызылшаға қарсы егілгені немесе бұрын қызылшамен ауырғаны туралы мәліметтері нақты емес қызылшамен ауыр-ған науқаспен байланыста болған адамдар вакцина алуы қажет.

Қызылшаға қарсы вакциналар 20 жылға дейін сақталатын сенімді иммунитетті қалып-тастырады. Вакцинация эпи-демиялық ахуал төмендеген кезде жүргізілген болса да қы-зылшаның дамуының алдын алады.

Ғ. ҚҰБАЕВ,

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

ТҰМАУ МЕН ЖРВИ

ТҰМАУ - БҰЛ БАРЛЫҚ ЖАСТАҒЫ ЖӘНЕ ЕР АДАМДАР МЕН ӘЙЕЛДЕРГЕ ЖӘНЕ БАЛАЛАРҒА ӨСЕР ЕТЕТІН АУЫР ВИ-РУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯ. ТҰМАУ ЭПИДЕМИЯСЫ ЖЫЛ САЙЫН, ӘДЕТТЕ, СУЫҚ МЕЗГІЛДЕ БОЛАДЫ. ӨЛЕМДЕГІ ЖАҒДАЙ-ЛАРДЫҢ САНЫ БОЙЫНША ТҰМАУ МЕН ЖРВИ БІРІНШІ ОРЫНДА, ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАР ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ ҮЛЕС САЛ-МАҒЫ 95% - ҒА ЖЕТЕДІ. ТҰМАУ МЕН ЖРВИ ДЕНСАУЛЫҚТЫ БІРТІНДЕП ТӨМЕНДЕТІП, АДАМНЫҢ ОРТАША ӨМІР СҮРУ ҰЗАҚТЫҒЫН БІРНЕШЕ ЖЫЛҒА ҚЫСҚАРТАДЫ.

Тұмаудың ауыр ағымымен жүрек-қан тамыр жүйесінің, тыныс алу органдарының, ор-талық жүйке жүйесінің қайтым-сыз зақымдануы жиі кездеседі, жүрек пен қан тамырлары ауруларын, пневмонияны, трахеобронхитті, менингоэн-цефалитті қоздырады. Ең көп зардап шегетіндер тұмаудың созылмалы түрімен ауыратын егде жастағы адамдар. Тұмау вирусы өте оңай таралады. Инфекцияның ең көп таралу жолы - ауа тамшылары.

Тұрмыстық таралу жолы - ортақ қолданыстағы тұрмы-стық заттар арқылы. Жөтелу, түшкіру, сөйлесу кезінде на-уқастың немесе вирус тасы-малдаушының мұрын-жұтқын-шағынан патогендік микрофлорасы бар сілекей, шырыш, қақырық бөлшектері, соның ішінде тұмау вируста-ры шығарылады. Науқастың айналасында аэрозоль бөл-шектерінің максималды кон-центрациясы бар ластанған аймақ пайда болады. Олар-дың таралу диапазоны әдетте 2-3 метрден аспайды.

ЖРВИ дегеніміз не? Тұмау-дан айырмашылығы қандай? Жедел респираторлық ауру (ЖРВИ) немесе жедел респираторлық вирустық инфекция (ЖРВИ) термині бір-біріне ұқ-сас көптеген ауруларды қамти-ды. Олардың негізгі ұқсастығы берілу жолында (ауыз бен мұрын-жұтқыншақ арқылы ингаляциялық ауамен бірге азғаға енеді) және белгілер жиынтығында.

Науқақта бірнеше күн бойы дене қызуы, тамақтың қабы-нуы, жөтел, қалтырау, бұл-шықет ауруы және бас ауруы байқалады. Респираторлық аурулардың ең көп таралған симптомы - мұрынның ағуы. Ол риновирустар деп атала-тын бірқатар байланысты ви-рустардан туындайды. Қал-пына келтіру кезінде барлық осы белгілер жоғалады және ешқандай із қалдырмайды. Негізінен жедел респиратор-лық инфекциялардың қозды-рғыштары адамнан адамға науқастың жөтелуі немесе түшкіруі арқылы беріледі. ЖРВИ белгілері бар басқа адаммен жақын (шамамен 1 метр қашықтықта) байланы-ста болатын кез-келген адам ықтимал инфекциялық инга-ляциялық тамшылардың әсер ету қаупіне ұшырайды.



Вирустар жұқтырған бетке тиген кезде денеге (көзге, мұрынға немесе ауызға) қол-дар арқылы енуі мүмкін. Тұ-мау күтпеген жерден пайда болады және бірнеше сағат ішінде сіздің денеңізді то-лығымен басып алады. Тұмау температураңыз күрт жоғары-лауымен (кейбір жағдайларда 40,5 градусқа дейін), жарыққа сезімталдықтың жоғарыла-уымен, бүкіл денеде ауыр-сынумен, сондай-ақ ауырсы-нумен сипатталады. Тұмау ауруының алғашқы күнінде мұрынның ағуы болмайды, бұл тек осы вирусқа тән. Тұ-маудың ең белсенді кезеңі аурудың үшінші немесе бесін-ші күнінде, ал соңғы қалпына келтіру 8-10 күнде болады. Тұ-мау инфекциясы тамырларға әсер ететінін ескере отырып, дәл осы себепті қан кетулер болуы мүмкін. ЖРВИ біртіндеп пайда бола-ды және көбінесе шаршау мен вирустың сыртқы көрінісінен басталады. Мысалы, мұрын-нан су ағу. Ауру белсендіріл-геннен кейінгі күні құрғақ жө-тел пайда болады. Ол уақыт өте келе ылғалға айналады (қақырық түсіреді). Халық үшін тұмау мен ЖРВИ-дің алдын-алу шараларын қазір - жаңа ко-ронавирустық инфекцияның пандемиясы кезінде сақтау өте маңызды.

Дені сау емес болып көрінетін адамдармен тығыз байланы-ста болудан аулақ болыңыз. Қызу (температура) және жө-тел құбылыстарын анықтаңыз. Адамдар көп жиналатын жер-лерден аулақ болыңыз немесе адамдар көп жиналатын жер-лерде болу уақытын қысқар-тыңыз. Ауыз бен мұрынға қол тигізбеуге тырысыңыз.

Қол гигиенасын сақтаңыз. Қо-лыңызды сабынмен және

сумен жиі жуыңыз немесе алкоголь негізіндегі қолды де-зинфекциялау құралын қол-даныңыз. Өсіресе аузыңызға, мұрныңызға тиген жағдай-да. Тұрғын үй-жайларға таза ауа ағынын көбейтіңіз, те-резелерді мүмкіндігінше жиі ашыңыз. Науқас адаммен байланыста болған кезде ма-скаларды қолданыңыз. Сала-уатты өмір салтын ұстаныңыз. Соның ішінде дұрыс ұйықтау, "пайдалы" тағамдарды жеу, физикалық белсенділік. Ха-лықты профилактикалық им-мундау (вакцинация) – тұма-удың ең жақсы алдын-алу. Өз кезегінде, вакцинациядан бас тартудың ең маңызды қаупі – науқас адаммен байланыста болған кезде тұмаумен ауы-ру мүмкіндігі. Сонымен қатар, вакцинациядан өтпеген адам айналасындағылар үшін қа-уіпті болуы мүмкін. Өйткені ол жұқпалы аурудың ықтимал та-сымалдаушысы.

Егер сіз өзіңізді нашар сезін-сеніз, үйде болыңыз және дәрігердің ұсыныстарын орындаңыз. Мүмкіндігінше сау адамдардан қашықтықта бо-лыңыз (1 метр). Демалыңыз және көп мөлшерде сұйықтық ішіңіз. Жөтелгенде немесе түшкіргенде ауыз бен мұрын-ды орамалмен немесе осы мақсатқа сай басқа материал-дармен жабыңыз. Бұл материалды қолданған адаммен кейін бірден тастаңыз не-месе жуыңыз. Тыныс алу жол-дарының секрецияларымен байланыста болғаннан кейін бірден қолыңызды жуыңыз! Егер сіз үйдің жалпы аумағын-да басқа адамдарға жақын болсаңыз, маска кию керек. Жақындарыңыз бен доста-рыңызға ауру туралы хабар-лаңыз.

Науқасты басқалардан кем

дегенде 1 метр қашықтықта оқшаулаңыз. Маска көмегімен науқасқа күтім жасау кезін-де аузыңыз бен мұрныңыз-ды жабыңыз. Науқаспен әр байланыста болғаннан кейін қолыңызды сабынмен және сумен мұқият жуыңыз. Отба-сының әр мүшесіне бөлек сүл-гілерді бөлектеңіз. Қамқоршы-лардан басқа науқасқа басқа келушілер келмеуі керек. Мүмкіндігінше, үйдегі бір ере-сек адам ғана науқасқа күтім жасауы керек. Жүкті әйел на-уқасқа күтім жасаудан аулақ болыңыз. Науқас орналасқан бөлмені үнемі желдетіп оты-рыңыз. Жұғыш заттарды пайдаланып бөлмені таза ұстаңыз.

Егер бала ауырса, дәрігерден медициналық көмек сұраңыз. Медициналық көмекке мұқтаж жағдайларды қоспағанда, науқас баланы үйде қалды-рыңыз. Балаңызға көп сұй-ықтық беріңіз (шырын, су). Ба-лаға жайлы жағдай жасаңыз, тыныштық өте маңызды. Егер нәрестеде қызба, тамақ ауруы және дененің ауыруы бол-са, сіз оған науқастың жасын ескере отырып дәрігер тағай-ындайтын антипиретиктерді бере аласыз. Қолданылған майлықтарға арналған май-лықтар мен себетті науқастың қолы жететін жерде ұстаңыз. Балаларды қолды сабынмен жиі жууға үйретіңіз.

Ата-аналар да бұл проце-дураны орындауы керек, бұл балаларға жақсы үлгі болады. Балаларды жөте-луге және майлыққа немесе қолына түшкіруге үйретіңіз. Ата-аналар да бұл процеду-раны орындауы керек, бұл балаларға жақсы үлгі болады. Балаларды науқастарға бір жарым-екі метрден жақын-дамауға үйретіңіз. Ауру ба-лалар үйде болуы керек (мектепке дейінгі мекемелер мен мектептерге бармаңыз), сондай-ақ олардың жағдайы жақсарғанша басқа адамдар-дан қашықтықты сақтау ке-рек. Адамдар көп жиналатын жерлерге жиі барудан аулақ болыңыз. Егер бала тұмаумен ауыратын адаммен байланы-ста болса, дәрігерден аурудың алдын алу үшін антивирустық дәрі-дәрмектерді қабылдау қажеттілігін сұраңыз.

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

«ДЕНСАУЛЫҚ КЕРУЕНІ» САРБИЕ АУЫЛЫНДА



Өткен аптада “Денсаулық керуені” акциясы шеңберінде жылжымалы медициналық көшені Сарбие ауылына барып, ауыл тұрғындарына тегін медициналық тексеру және консультациялық-диагностикалық көмек көрсетті. Шалғай ауыл тұрғындарының денсаулығын қорғау, профилактикалық тексерулерді ұйымдастыру және қажетті мамандардың кеңесін қолжетімді етуді көздегі Керуен құрамында терапевт, кардиолог, акушер-гинеколог, хирург, ультрадыбыстық зерттеу (УДЗ) маманы, зертханашы және басқа да медициналық

қызметкерлер жұмыс жасады. Тұрғындар қан қысымын өлшеп, қан талдауларын тапсырды, жүрек-қан тамыр, ішкі ағзалар және әйелдер денсаулығына байланысты кеңестер алды. Сонымен қатар, профилактикалық түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, тұрғындарға дені сау өмір салтын ұстанудың, зиянды әдеттерден бас тартудың және уақытылы дәрігерге қаралудың маңызы түсіндірілді. “Денсаулық керуені” акциясы алдағы уақытта да ауданның басқа ауылдарында өз жалғасын табады.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ШЕБЕРХАНА - ТӘЖІРИБЕ МЕН ШАҒЫТ АЛАҢЫ!



Жуырда мектепке дейінгі ұйым педагогтарына арналған облыстық шығармашылық шеберхана аясында ауданымыздағы “Асанәлі” бөбекжай-бақшасының шығармашыл педагогы, педагогика ғылымдарының магистрі, зерттеуші ұстаз – Ерішева Ардақ Асқарқызы өз іс-тәжірибесімен бөлісті. Ұстаздың жаңашыл көзқарасы мен әдістемелік ізденістері басқа да әріптестердің қы-

зығушылығын тудырып, кәсіби даму мен тәжірибе алмасуға тың серпін берді. Ауданымызда осындай шығармашыл, ізденімпаз педагогтар қатарының көбеюі – білім сапасының артуына қосылған үлес. Облыс бойынша ұйымдастырылып жатқан мұндай кәсіби шаралар – тәрбие мен оқыту сапасын арттыруға бағытталған нақты қадам.

АҚТӨБЕЛІК ОҚУШЫЛАР 4 МЫҢ АСЫҚТАН КИІЗ ҮЙДІҢ МАКЕТІН ЖАСАП ШЫҚТЫ



Киіз үй макетінің салмағы 15 келі болып тұр. Асықты бірнеше облыстық оқушылары жинап берді. Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушылары «Туған елге тағзым» зерттеу экспедициясына қатысты. Ақтөбемен қатар Астана, Өскемен, Тараз қалаларынан оқушылар келіп, жоба дайындады. Биылғы жоба ақын Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналды. - Оқушыларға алдын ала хабар беріп, асық ала келуді сұрадық. Себебі 4 мың асықты табу қиын. Оған дейін ақтөбелік балалар картон қағаздан киіз үй макетін жасап қойды. Ал өзге өңірдің оқушылары келген соң өздері желіммен жабыстырды. Салмағы – 15 келі. Диаметрі – 1 метр, биіктігі

– 80 см. Сонымен бірге негізгі мақсат – табиғатты қорғау. Тек экологиялық таза материал қолданылды. Бұл да белгілі бір құндылықты үйретуге мүмкіндік берді, - деді Назарбаев зияткерлік мектебінің Ақтөбедегі директоры Қайырбек Сәбитұлы. Оның айтуынша, балалар қаір асық ойнағанды ұнатады. Үзілісте, бос уақыттарында ұлттық спортпен де шұғылданады. Еске салсақ, топай асық жинаған ақтөбелік Қазақстан рекордтар кітабына енді. Ол 3 мыңнан астам топай асық жинады. Гиннесс рекордтарынан жаңартып, жинаған асығынан үлкен мүсін жасауды армандайды. **Алтынай САҒЫНДЫҚОВА, kaz.inform.kz**

ШЕБЕРМЕН КЕЗДЕСУ ЖАСТАРҒА ЖАҢА БАҒЫТ

Баланы кез-келген кәсіпке баулу, бағыт беру ата-ананың басты міндеті. Ал, жастарға бүгінгі күні мемлекеттің тарапынан да бағыт-бағдар беріліп отыр. «Жұмысшы мамандықтар жылына» орай «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлік палатасының Ойыл аудандық филиалы аудандағы мектептердің жоғары сынып оқушыларының әртүрлі мамандық иелерімен кездесулерін ұйымдастырып келеді. Филиал директоры Жасұлан Ержанов жуырда Ж. Жүсібаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің кәсіби бағдар беруші педагогы Гүлзат Сұлтаншевамен бірлесіп мектептің жоғары сынып оқушыларын Ойылдағы жеке кәсіпкер, ағаш шебері Қуаныш Мөргенбаевпен кездестірді. Оқушылардың еңбекке деген қызығушылығын арттыруды көздеген кездесу барысында

ұйымдастырушылар жұмысшы мамандығының маңызы мен жауапкершілігін түсіндірсе, өкеден мирас кәсіпті жалғастырып келе жатқан ағаш шебері Қуаныш Мөргенбаев ағаштан жасалған бұйымдардың қолдану және жасалу жолдарына тоқталды. Сондай-ақ, оқушының жеке қабілетін шыңдау арқылы баланың ұлттық өнерге деген сүйіспеншілігін арттыру, атадан қалған асыл мұраны дәріптеу жолдарын түсіндірді. Ғылым мен білім әлі өркен жая қоймаған уақытта да ұлттық қолөнер халқымыздың асыл мұраларының бірі екені тарихтан аян. Ел ішінде әр істің хас шебері болған. Аты шыққан қолөнер шеберлері - өз туындыларын ұрпақтан ұрпаққа мирас етіп қалдырып отырған. Сондықтан да ғылым қанша дамыса да, қазақ ұлттық өнерді ұлықтай береді.



ЖЫПЫТУ МАҰСЫМЫ - ҚАҰПТІ КЕЗЕҢ!

ЖЫЛЫТУ МАҰСЫМЫ – ӨРТТЕРДІҢ ТУЫНДАУ СЕБЕПТЕРІ ӨДЕТТЕГІГЕ ҚАРАҒАНДА АНАҒҰРЛЫМ КӨП БОЛАТЫН КЕЗЕҢ. ПЕШТЕР, ҚОЛДАН ЖАСАЛҒАН ЖЫЛЫТУ ЭЛЕКТР АСПАПТАРЫ МЕН БАСҚА ДА ОТ ЖАҒУ ҚОНДЫРҒЫЛАРЫН ДҰРЫС ПАЙДАЛАНБАУ СЕБЕП БОЛУЫ МҮМКІН.

Пештер бұл тек жылу көзі ғана емес, сондай-ақ өрттің туу мүмкіндігі екенін де есте сақтау керек. Көбінесе пештерді қараусыз қалдырғанда қауіп көп төнеді. Пәтер жалдаушылар мен үй иелерінің сақтық шаралары туралы ұмытып кетуі алаңдатады. Біріншіден, жанудың себебі пештерді орнату қағидасын бұзудан болуы мүмкін. Бұл түтін құбырларының өту жолдарының жеткіліксіз бөлу, пеш және қабырға арасында бос орындарының аз болуы. Бұған қосымша пеш алдында отқа төзімді темір төсеніштің болмауын жатқызуға болады, осының салдарынан түскен көмірден еден тұтанады. Тағы бір зардап – бұл пештерді пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі қағидасын бұзу, кейде жылыту аспаптары толық жарамды болған кезде де қиын жағдайлар туындайды. Пешті бензин, керосин немесе басқа да тез тұтанатын сұйықтармен жағу кезінде және ұзындығы пештің өлшемінен асатын ағаш отынды пайдаланғанда, сондай-ақ пешті шамадан тыс қыздыру жиі қателіктерге ұрындырады. Пеш пилитасының үстінгі жағы жылу екпінінен аса тиісті температураға дейін қызады. От жағу аяқталғаннан кейін, бірнеше уақыт өткен соң кірпіштің сырты және ішкі беттерінде температура бірдей бола бастайды, бұл пештің шамадан тыс қызуына әкеп соғады. Осыны болдырмау үшін, жаныған отынның көлемін қатаң қадағалау қажет. Көп уақыт жанабаған суық пешті жұмыс температурасына баяу жағып, келтіру қажет. Ол үшін отынды жағар алдында аз салу керек. Сондай-ақ осы тақырыпты айта отырып, **ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ**

пеш жағатын үй тұрғындарының басқа қауіптерін айтпай кету мүмкін емес. Сөз барлық материалдардың (көп жағдайда синтекалық, пластикалық, лак, маталардың кейбір түрлері) іс жүзінде жануынан бөлетін улы газ туралы болып отыр. Түсі мен иісі болмайтын осы қоспалар ауада шоғырлануына байланысты адамдардың әр түрлі ауыр дәрежеде улануына әкеп соғады. Қызыл сөзден гөрі факті көрсеткендей, адамдардың қаза табу себебінің 49 % өрт кезінде улы газбен улану болып табылады. Улы газдың түсі, дәмі және иісі боламағанымен уландырығыш болып табылады және тітіркендірмейді, оны адамның байқауы өте қиын. Толық жанып бітпеген көмір, көмірқышқыл газымен өзара әрекеттесіп, улы газ пайда болады. Сондай-ақ жанып жатқан пешті балаларға қадағалауды тапсырмаңыз және балаларды үйде жалғыз қалдырмаңыздар. Өрт шыққан жағдайда, ең алдымен «101,112» номерінтеріп, азаматтық қорғау қызметін шақырыңыз. Өз мекен-жайыңызды дұрыс жеткізіп, өртеніп жатқан жерді сипаттап беріңіз. Өрт сөндірушілер келгенше, қолда бар заттармен (өрт сөндіргіш, су, инертті материал, қапың брезент материалдар) өрт отшағын жабуға әрекет жасаңыз. Өрт өршіп кетсе және сіз оны оқшаулауға шамаңыз келмесе электр ажыратқышты өшіріңіз. Егер мүмкін болса, өрттің өршуін көп еселейтін газ баллонды сыртқа шығарып, есіктерді жауып, өртеніп жатқан жерден қауіпсіз аймаққа шығыңыз. Үй ішінде қалған адамдарды қауіпсіз аймаққа шығаруды ұмытпаңыз!

ЖИҢАНКЕЗ ЖЕРЛЕСІМІЗ ЕРТАРҒЫН АҒАМЕН СЫР-СҰХБАТ

ӨТКЕН АПТАДА «ШҰҒЫЛА» МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІРНЕШЕ Өңірін велосипедпен аралап, салауатты өмір салтын насихаттап жүрген жиһанкез жерлесіміз ертарғын мұхамбетқалиұлымен кездесу өтті.



Кездесуге негізінен Ойыл балалар мен жөасөспірімдер спорт мектебінде тәлім алып, спорттың әліппесін үйреніп, қыр-сырын меңгеріп жүрген өуесқой спортшылар қатысты. Кездесудің алғашқы бөлімінде Ертарғын Мұхамбетқалиұлы өзінің балалық шағы, өскен ортасы және ата-анасынан алған тәлім-тәрбиесі туралы айтты. Сондай-ақ шараға арнайы шақырылған бала күнгі достары Жанат Есбосынов пен Төреш Бйғалиев өткен кезеңдерден естеліктерімен бөлісіп, қонақтың мінезі, таллапшылдығы және еңбекқорлығы жөнінде ой қозғады. Жастар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берілді. Кездесудің екінші бөлімі қонақтың жастық шағы мен еңбек жолына арналды. Ертарғын Мұхамбетқалиұлы алғашқы кәсібін тракторшы болып бастағанын, еңбекке деген көзқарасы ерте қалыптасқанын атап өтті. Сонымен қатар шараға қатысқан өскердегі достары Берік Бисекенов пен Құнанбай Дәулетқалиев жастық шақтағы бірлік пен достықтың маңызы туралы естеліктерімен бөлісті. Жастардың сұрақтары бойынша өмірлік тәжірибелерімен ой бөлісті. Кездесудің соңғы бөлімінде Ертарғын Мұхамбетқалиұлы Қазақстанды велосипедпен аралау сапары туралы баяндады. Сапардың басты мақсаты – жастарды салауатты өмір салтына ынталандыру, елдің өр өңірінің тарихы мен табиғатын дәріптеу, қоғамға пайдалы бастамаларды қолдау екенін жеткізді. Ел аралау барысында кездескен қиындықтар мен азаматтар тарапынан көрсетілген қолдау туралы да қызықты деректермен бөлісті. Ресми бөлімде аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев сөз сөйлеп, Ертарғын Мұхамбетқалиұлының қоғамға үлгі боларлық өнегін атап өтіп, алғыс хатпен марапаттады. Кездесу барысында жас буын қонақтың табанды еңбегінен үлкен мотивация алып, салауатты өмір салты мен еңбекқорлықтың маңызын түсінді. Шара соңында Ертарғын Мұхамбетқалиұлына алдағы сапарларында табыс тілегі жеткізілді.

ЖАСТАР МЕН ӨНЕР ҮНДЕСТІГІ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ БІЛІМ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАСТАР КЕҢЕСІНІҢ БАСТАМАСЫМЕН ЖӘНЕ АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ ӨНЕР МУЗЕЙІ, Ш. БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ӨНЕР ЖӘНЕ ӨЛКЕ ТАРИХЫ МУЗЕЙІНІҢ БІРЛЕСКЕН ЖОБАСЫ АЯСЫНДА «СУРЕТШІЛЕР ШЕБЕРХАНАСЫНАН: АҚТӨБЕ Өңірінің кескіндеме өнері» атты жылжымалы көрме ұйымдастырылды.



Бұл көрменің басты мақсаты – өңіріміздің қылқалам шеберлерінің шығармашылығын кеңінен насихаттап, жас ұрпақтың бойында өнерге, мәдениетке және туған жерге деген сүйіспеншілікті арттыру. Көрмеге қойылған өрбір туынды – суретшінің жан дүниесінен туған ой мен сезімнің көрінісі. Онда ел мен жерге деген махаббат, табиғат сұлулығы мен адам жанын тербейтін нәзік әсерлер бояу арқылы шебер өрнектелген. Жарық пен көлеңке, түс пен

форма үйлесім тапқан бұл картиналар көрермен жүрегінен ерекше орын алып, әркімге өзіндік әсер сыйлады. Бұл күн – өнер мен руханияттың тоғысқан, шығармашылық шабыт пен эстетикалық әсерге толы ерекше мереке болды. Жастар кеңесінің төрағасы Әбділдә Сағыновтың айтуынша, мұндай мәдени шаралар жас буынның эстетикалық талғамын қалыптастыруға, туған өлкеміздің мәдени мұрасын дәріптеуге және өнер арқылы ұлттық рухты көтеруге бағытталған.